

**6D080100 - «Агрономия» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Алимбекова Нургул
 Аманбаевнаның «Зәйтүн (*Olea europaea L.*) ағашын Оңтүстік Қазақстан жағдайында
 бейімдеу және өсіру технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
 ресми рецензенттің пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы «Ғылым қоры» АҚ № 0227-17-ГК «Еуропалық зәйтүн өсіруді және өндіруді және оны өндеуді ұйымдастыру» жобасының шеңберінде жүргізілген.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жүргізілген зерттеу нәтижелері аграрлық ғылымға елеулі үлесін қосады. Жұмыстың маңыздылығы ашылған. Қазақстанның оңтүстігінде еуропалық зәйтүн ағашын өсірудің жаңа қарқынды технологиясы ұсынылып, суыққа төзімді Leccino, Frantoio және Arbequina сорттарының жергілікті климатқа бейімділігі дәлелденген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа;	Ізденуші Алимбекова Н.А.-ның диссертациялық жұмысы ғылыми талаптарға

		3) төмен; 4) өзі жазбаған.	сай, жоғары деңгейде орындалғаны көрініп тұр, мазмұны терең әрі логикалық тұрғыда бірізділікпен орындалған. Жұмыста қолданылған әдістер мен талдау нәтижелері өзара үйлесімді, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық жауап береді. Ғылыми тілі нақты, түсінікті, жазу стилі жүйелі. Бұл атқарылған жұмыстың ізденушінің жеке еңбегі екеніне және оның ғылыми көзқарасы қалыптасқан екендігі көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген;	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі ғылыми тұрғыдан негізделген. Түркістан облысы жағдайында еуропалық зәйтүн ағашын өсірудің мүмкіндіктерін зерттеу аграрлық ғылым мен өндіріс интеграциясын күшейтетін, практикалық маңызы жоғары өзекті ғылыми бағыт ретінде қарастырылған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны зерттеліп отырған мәселелерді жан-жақты ашып, диссертация тақырыбын толықтай айқындайды.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбының ғылыми бағыты мен мақсат-міндеттеріне толықтай сай келеді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері өзара толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) ғылыми тұрғыда дәлелденіп, бұрыннан белгілі әдістермен

		салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	салыстырмалы түрде бағаланған. Диссертацияда қарастырылған әдістерге сыни талдау бар.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа сипатында, зәйтүн ағашын жерсіндіру мен өсіру технологиясына қатысты тың мәліметтер ұсынады. Жұмыста алынған деректер бұрын зерттелмеген жағдайларда жүргізілгендіктен, аграрлық ғылым үшін құнды практикалық және теориялық маңызға ие. Бұл нәтижелер болашақ зерттеулер мен өндірістік процестерге негіз бола алады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары ғылыми жаңалыққа ие және толығымен жаңа себебі зерттеу барысында зәйтүн ағашын көбейту мен жерсіндіруге арналған жаңа әдістер мен агротехнологиялық тәсілдер ұсынылған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері толығымен жаңа.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.

		өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақалада ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1 Қорғауға шығарылған қағидаттар мен ережелер нақты зерттеу нәтижелерімен толық дәлелденген. 7.2 Бұл нәтижелер тривиалды элементтер жоқ. 7.3 Ұсынылған қағидаттар ғылыми тұрғыдан жаңа болып табылады. 7.4 Бұл жұмыстың қолдану деңгейі кең ауқымды болып табылады. 7.5 Ия жұмыстың негізгі нәтижелері ғылыми мақалаларда толық дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Ия, әдістеме нақты жазылып, ғылыми негізделген. Зерттеу барысында агротехникалық, фенологиялық және биометриялық әдістер кешені қолданылып, алынған нәтижелердің шынайылығы мен қайталанғыштығы қамтамасыз етілген.
		8.2 Диссертация	Ия, диссертациялық зерттеу

		жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия ; 2) жоқ .	нәтижелері Еуропалық зәйтүннің (<i>Olea europaea</i> L.) Frantoio, Leccino және Arbequina сорттарын зерттеу барысында заманауи компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынды. Зерттеу кезінде өсімдіктердің фенологиялық деректері мен биометриялық көрсеткіштері Excel және Statistica бағдарламалары арқылы сандық талдаудан өткізіліп, мәліметтерді өңдеу мен интерпретациялау үшін графикалық және статистикалық модельдеу әдістері пайдаланған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия ; 2) жоқ .	Ия , зерттеу барысында алынған теориялық қорытындылар мен анықталған заңдылықтар тәжірибелік зерттеулер арқылы расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтімілермен расталған /ішінара расталған/ расталмаған.	Жұмыстағы маңызды мәлімдемелер сенімді ғылыми дереккөздер мен заманауи әдебиеттерге сілтімілермен расталған .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбы бойынша әдеби шолу жасауға жеткілікті және мазмұнды
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар ; 2) жоқ .	Диссертацияның теориялық маңызы бар , себебі ол Еуропалық зәйтүннің (<i>Olea europaea</i> L.) сорттарын Қазақстан жағдайында бейімдеп өсірудің ғылыми негіздерін айқындады.
		9.2 Диссертацияның	Диссертацияның

		практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	практикалық маңызы бар, алынған нәтижелерді Оңтүстік Қазақстан жағдайында зәйтүн ағаштарын өсіру мен көбейту технологияларын жетілдіруде тиімді қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа, себебі олар алғаш рет Еуропалық зәйтүннің (<i>Olea europaea</i> L.) Frantoio, Leccino және Arbequina сорттарын Оңтүстік Қазақстан жағдайында өсірудің тиімді агротехнологиясын ұсынып отыр.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, мәтін ғылыми стильде, мазмұны нақты, логикалық құрылымы мен терминологиясы бірізді сақталған.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмыс 5 бөлімнен тұрады. Бөлімдердің мазмұны өзара сабақтас болғанымен, олардың арасындағы логикалық байланысын жақсарту керек еді. Көрсетілген ескертулер жұмыстың ғылыми және практикалық құндылығын жоймайды, керісінше, зерттеу сапасын арттыруға бағытталған.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторант диссертациялық жұмыс пен ғылыми мақалаларда қорғауға ұсынады, бұл талаптарға сәйкес.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Алимбекова Нұргүл Аманбаевнаның 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған «Зәйтүн (<i>Olea europaea</i> L.) ағашын Оңтүстік Қазақстан жағдайында бейімдеу және өсіру технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы – мазмұны мен ғылыми жаңалығы жоғары деңгейдегі зерттеу еңбегі болып	

		табылады. Ресми рецензенттің шешімі: Диссертациялық жұмысты жоғары бағалауға болады, ал авторы 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп есептеймін.
--	--	--

Ресми рецензент:

Оңтүстік Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің бас ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰАҒА академигі



[Handwritten signature of Sydyk D.A.]

Сыдық Д.А.

Д.А.Сыдықтың қолын растаймын,
«Оңтүстік Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-нің бас ғалым хатшысы

[Handwritten signature of Zhumabaev Sh.A.]

Жумабаев Ш.А.